



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Конференция



100 пәтерлік тұрғын-үй салынады

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасында тәуелсіз мейіргерлік қызметтің озық тәжірибелерін енгізу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы сақтандыру кеңсесінің басшысы Скендер Сыла, онлайн режимде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Ключе, Германия, Қырғызстан, Латвия, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Финляндия мемлекеттерінің өкілдері, ғалымдар, барлық өңірдің денсаулық сақтау басқармасының басшылары, дәрігерлер, мейіргерлер, медициналық оқу орындары мен клиника басшылары қатысты.

Конференцияда аймақ басшысы денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арналған 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салынатынын айтты.

— Өңірде медицина қызметкерлерін шетелде оқыту үрдісі 5 жылдан соң қайта жаңғыртылып, қолға алынды. Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету де басты назарымызда. Былтыр жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 144 млн теңге бөлінді. Облыстың медициналық ұйымдарының 30 дәрігері хирургия, эндоскопия, неврология, кардиохирургия, неонаталды хирургия, балалар ортопедиясы бойынша Түркия, Ресей, Беларусь Республикаларының жетекші клиникалық-академиялық базаларында білім жетілдірді. Колледж оқытушыларының өзге елдерде тағылымдамадан өтіп, жастардың да тәжірибе алмасуы алдағы уақытта өз жемісін береді. Аймақта медицина мамандарын даярлауға, біліктілігін арттыруға әркез қолдау көрсете береміз. Бүгінгі жас маман — ертең адам өмірі мен денсаулығының сақшысы, — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 176 резидент облыс әкімінің грантымен білім алуда. «Жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 177 білім беру гранты бөлінген. Халықаралық байланыстың артуы болашақ тәжірибелі мамандар даярлауға зор үлес қосуда.

Жалпы әлеуметтік сала қызметкерлерінің тұрмысына баса назар аударып, материалдық қолдау тұрақты көрсетілуде. Денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне де 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салу жөнінде шешім қабылданды. Жақын арада құрылысы басталып, жыл соңына дейін табысталады.

Айта кетейік, соңғы екі жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 225 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.

Аймақтың медицина саласын өркендетуге бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын құны 1 млрд 100 млн теңге тұратын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұндай кешен республиканың 3 өңірінде ғана бар. Қазір шалғай елді мекендердегі тұрғындарға тұрақты қызмет етуде.

2023 жылы Жалағаш ауданының Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен дәрігерлік амбулатория салынып, ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ былтыр дәл осындай медициналық ғимарат Қаракөткен ауылында да ашылып, бүгінде елге қызмет етуде.

Соңғы 2 жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 245 жаңа санитарлық автокөлік табысталса, оның 111-і Жалағаш ауданына берілді. Осылайша ауылдарды санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешілді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесіз емес, өмір сүрудің орташа ұзақтығы облысымызда 74,5-тен 75,2 жасқа артты.

«ЖЖ» ақпарат

Егінжай – 2025

Субсидия 50 пайызға ұлғайды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда аяқсуды барынша үнемдеу жұмысын ұйымдастыру керекін айтты. «Бұл — ең алдымен ауыл шаруашылығына қатысты мәселе, яғни су үнемдеу технологиясың, әсіресе ауыл шаруашылығында кеңінен қолдану қажет» деді Президент. Премьер-министр Олжас Бектенов қызылордалықтардың осы мақсаттағы тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі етті. Сол межеден төмендемеу мақсатында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов аймақ диқандарымен кездесіп, егін науқанының жай-күйімен танысты.

Биыл өңірде 60 мың гектарға жуық егіс алқабы лазермен тегістелген. Салыстырмалы түрде айтсақ, былтыр 55 мың гектарды лазермен тегістеудің нәтижесінде 200 млн текше метр су үнемделген. Ал орташа өнімділік гектарына 40-55 центнерден 70-80 центнерге дейін ұлғайды.

Айта кетсек, Үкімет ауыл шаруашылығы кооперативтерінің лазермен тегістештерді сатып алу шығындарын 50 пайызға дейін субсидиялайды.



— Сіздермен ең алғаш кездескенімде бірнеше ұсыныс айтқан едіңіздер. Өтініштеріңіз бойынша біз кооперативтерге арналған субсидия мөлшерін 25 пайыздан 50 пайызға дейін ұлғайттық. Осыған дейін субсидия егістік алқабы 200 гектардан асатын шаруашылықтарға ғана төленеді деген талап бар еді. Біз Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп отырып, бұл шектеуді де алып тастадық, — деді министр Нұржан Нұржігітов.

Бүгінгі таңда Қызылорда облысында лазермен тегістейтін 123 техника бар. Бұл 100 мың гектарға дейін егістік алқапты қамтуға мүмкіндік береді.

Биыл ауа райының ерекшеліктеріне байланысты аймақта суару маусымы едәйттеден ертерек басталды. Жауын-шашын болмағандықтан суармалы суға сұраныс екі есе артқан. Бүгінде өңір диқандарын сумен қамту үшін «Шардара» су қоймасынан секундына 600 текше метр су жіберілуде.

Министрлік Президенттің тапсырмасы бойынша судың «көлеңкелі нарығын» жою үшін маңызды шешімдер қабылдады. Енді «Қазсушар» филиалдары келісімшартқа отырған шаруа қожалықтарға ғана су береді. Заңсыз су алуға рұқсат жоқ. Жаңа Су кодексында де осы мәселеге баса назар аударылып, жауапкершілік күшейтілді. Құжат 10 маусымнан бастап күшіне өнеді.

Ж.АРЫН

Акция

Тазалық жұмыстары тоқтамайды

Жалағашқа табан тіреген қонақтар туған өлкеміздің тазалығына, жасыл-желекті көшелеріне тамсанып жатады. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғалы ауданды көркейтіп-кегалдандыру бойынша бірқатар тынымды тірлік атқарылуда. Көктем келісімен жалағаштықтар сенбілікке шығып, көше, аула тазалығына белсене араласты. «Жалағаш қызмет» мекемесі, сондай-ақ жергілікті шаруашылықтар да арнайы техникаларын шығарып, су келетін арықтарды қазу, қоқыстарды арнайы орындарға жеткізу секілді ауқымды жұмыстарға үлес қосуда. Міне, сол бірлікпен келген тірліктің нәтижесі көз алдымызда.



Наурыз айынан бастап аудан көлемінде көркейту және кегалдандыру жұмыстарының іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда аудан тұрғындары көшелерді көркейтуге ден ойып, ауладағы бау-бақшаны күтіп-баптауға кіріскен.

Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ау-

мақтарды абаттандыру, кегалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма жүктеп, аймақ басшысы да өз үндеуін жариялады.

Осы орайда өткен сенбідегі тазалық акциясына аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, жауапты сала басшыларына санитарлық тазалау жұмыстарын тиімді жүргізуді тапсырды.

— Туған жердің көркеюіне, гүлденуіне үлес қосу — әрбір тұрғынның азаматтық

парызы. Қазіргі таңда кентте, ауылдарда көркейту жұмыстары жүруде, бұл шаруаны әрбір азамат өз ауласынан бастағаны жөн. Өз ауламызға тазалық жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, саялы ағаш отырғызып, гүл егіп, үйімізді ақтап, қақпамызды сырлап қойсақ, үй-жайымыз да жаңарып қалады, екінші жағынан ауданның тазалық жұмыстарына да үлесімізді қосқан болар едік. Тазалық акцияларына, санитарлық жұмыстарға белсене қатысып, көпке үлгі болып жүрген белсенді азаматтарға алғыс айтамын. Әрине, «Таза Қазақстан» акциясы өз жалғасын табады. Биыл ауданды көркейтуде бірқатар жобамыз бар, — деді аудан әкімі Ардақ Әбдіғәппарұлы.

Аймақта 2-3 жылдан бері облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастама-сымен «Үлгілі елді мекен» конкурсы өтіп келеді. Былтыр конкурстың «Үздік ауыл» номинациясы бойынша Таң ауылы II орын иеленді. Жеңімпаздарға тазарту жұмыстарына қажет арнайы техникалар табысталды. Сондай-ақ ауданда жыл сайын «Үздік аула» байқауы ұйымдастырылуда. Осы жобалардың жалғасы ретінде былтыр ауданда тұңғыш рет «Жасыл көше — 2024» байқауы өтті. Міне, аталған іс-шаралар азаматтардың экологиялық мәдениетін көтеруге бағытталған. Яғни тұрғындар аулапарымен қатар өздері тұратын көше бойын абаттандырып, аяқсу жүретін арықтарды қазып, кент келбетінің көркеюіне үлес қосып тиіс.

Айта кету керек, кентте барлығы 85 шақырымды құрайтын 71 көше бар.

2023 жылы облыстық бюджеттен 1 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, 11 көше жөндеуден өткен. Осының негізінде бүгінде асфальт төселген жолдардың үлесі 94 пайызға, жарықтандырылған көшелердің үлесі 55 пайызға жетті. Сонымен қатар алдағы уақытта кенттегі орталық алаң жөнделеді. Бүгінде қайта жаңғырту жобасының жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, сараптамадан өтті. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына бюджеттік өтінім жолданған.

Тағы бір жақсы жаңалық, бұрын кент орталығында ашық бассейн болатын. Шілденің шіліңгір ыстығында тұрғындар сол маңнан сая тауып, суға шомылатын. Алайда кейін ол бассейн жабылып, қараусыз қалды. Міне, өткен аптада аудан әкімі ашық бассейннің қазіргі жағдайымен танысып, нысанды қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды тапсырды. Аталған бассейн — суға түсу маусымында тұрғындар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік нысандардың бірі. Осы ретте нысанды қалпына келтіру мақсатында қажетті қаражат көздерін қарастыру және жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу мәселесі талқыланды. Аудан әкімі нысанның заманауи стандарттарға сәйкес қайта қалпына келтіруді тапсырып, тиісті сала мамандарына нақты міндеттер жүктеді.

Жандос ЖАЗКЕН

Басты мақсат – бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру

Оқу жылының да аяқталуына санаулы күндер қалды. Былтыр саланы жақсы нәтижемен қорытындылаған сала қызметкерлері биыл да нәтижелі еңбек етті. Енді бір аттаса, түлектер ұлттық бірыңғай тестілеуден өтеді. Жалпы биыл қанша бала мектеп бітіреді? Оның қаншасы ҰБТ-ға қатысады? Ұлттық бірыңғай тестілеудің былтырғы нәтижесі және биылғы меже қалай? Балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізуде алдағы уақытта қандай жобалар қолға алынбақ? Осы және салаға қатысты өзге де бірқатар сауалымыздың түйінін аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықов кеңінен тарқатты.



– Талаат Құрақбайұлы, жалпы биыл соңғы қоңырау салтанаты шарасы қай күні өтеді және оны өткізуде қандай талаптар сақталады?

– Биылғы оқу жылы 23 мамырда аяқталады. Дәл осы күні «Мектебім, саған мың алғыс» тақырыбында білім ошақтарында салтанатты шара өтеді. 18 маусым күні «Аттестат тапсыру» салтанатты шаралары да мектеп қабырғасында өткізіледі.

Жаңа сіз сұраған талаптарға келсек, педагогикалық этика және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында іс-шараны өткізуге атаналардан ақшалай қаражат жинауға жол берілмейді. Сондай-ақ әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерге сыйлықтар алуға немесе беруге, іс-шараларды өткізуге аниматорларды, мерекелік агенттіктерді, жеке студияларды тартуға тыйым салынады. Мектеп бітіру көші сән-салтанатты өткізуге, яғни сыныпты бөзедіру, мерекелік үстел, салтанатты дастархан ұйымдастыруға болмайды. Жалға берілетін автокөліктерді тарта отырып, қала бойынша көшпелі экскурсиялар өткізуге, мектеп бітіру іс-шарасын мейрамханаларда, кафелерде және басқа да ойын-сауық орындарында ұйымдастыруға тыйым салынады.

– Биылғы оқу жылында қанша бала білім алды? Оның қаншасы мектеп бітіреді? Олардың қаншасы «Үздік аттестетққа» және «Алтын белгіге» үміткер?

– Бүгінде 20 мектепте 7012 оқушы білім алууда. Оларға 1 258 педагог сабақ береді. Биылғы оқу жылында 9 сыныпты 675 оқушы, 11 сыныпты 447 оқушы бітіреді. «Үздік аттестатқа» 9 сыныптан 82 бала, 11 сыныптан 49 оқушы үміткер. «Алтын белгіге» 16 оқушы тілек білдіруде.

Жаңағы 447 түлектің 390-ы мамыр-шілде айлары аралығындағы ҰБТ-ға қатысады. Бұл жалпы түлектердің 87,2 пайызын құрайды. ҰБТ кезінде оқушылар қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынып, талапқа сай өтуі үшін коммуналдық мекемелерге арнайы хат жолданып, кезекшілік ұйымдастырылады.

– Жалпы былтырғы ҰБТ нәтижесіне көңіліңіз тола ма?

– Биыл өткен жылға қарағанда мектеп бітірушілер санында өсім бар. Былтыр түлектердің басым көпшілігі ҰБТ-дан жоғары балл жинады. Орташа балл – 82,7. Былтыр мектеп бітірушілердің 74,4 пайызы мемлекеттік грантпен ЖОО-да білім игеруге мүмкіндік алды. Мен тек ЖОО-ға мемлекеттік грантпен оқуға түскендерді ғана айтып отырмын. Негізі былтыр түлектер 100 пайыз оқуға түсті. Жалпы өткен жылы мектеп бітірушілердің 94,4 пайызы ҰБТ-ға қатысты.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің нәтижесі бойынша Жалағаш аудандар арасында 2 жыл бұрын төртінші орында еді. Былтыр үздік үштікті түйіндедік. Биылғы межеміз одан да жоғары



болып отыр. Осы мақсатқа жету үшін әріптестерім тынымсыз еңбек етті. Алдағы уақытта нәтижесін көреміз.

– Енді бізде жыл сайын келетін балалардың жазғы демалыс уақытын тиімді өткізу міндеті тұр. Бұған қатысты қандай жобаларыңыз бар?

– Жаз айлары – оқушылар ерекше ықыласпен күтетін уақыт. Ауданда 1-10 сыныптар аралығында 6 553 баланы жазғы демалыс шараларымен қамту жоспарда бар. «Ол қалай жүзеге асады?» деген сауалға келсек, жазғы демалыста сыртқы лагерь жұмыстарын ұйымдастыру, мектеп

жанындағы күндізгі тынығу лагерлерін ашу, облыс көлемінде және облыстан тыс лагерьге балаларды жіберу, қосымша білім беру үйірмелеріне қамту, туристік саяхат, тарихи-танымдық экскурсиялар ұйымдастыру жоспарда бар. Мұны біз міндетті оқу қоры, демеушілер арқылы және атаналар есебінен де жүзеге асырамыз.

Аудан орталығындағы «Ақтерек» сауықтыру лагерінің жобалық қуаты бір ауысымда 80 баланы қамтуға мүмкіндік береді. Лагерь аумағында жалпы 5 ғимарат орналасқан. Оның 4-еуі жатын орынға арналған ғимарат болса, мұнан бөлек 80 орындық арнайы асханасы тағы бар. Сонымен қатар ашық спорт алаңы, сыртқы бассейң, мәдени іс-шаралар өтетін орын бар. Осында жаз бойы 6 ауысыммен 452 баланы қамтуды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен 50 бала кәсіподақ есебінен демалады. Жолдама құны 35 мың теңгені құрайды. Әр ауысым уақыты – 10 күн.

дератизация жұмыстары арнайы мекеме арқылы жүргізіледі. СЭС лабораториясы арқылы өндірістік бақылау жүргізу үшін, атап айтқанда, су, топырақ, тамақ, жарық т.б. сынамалар алу үшін келісім-шартқа отырды. СЭС-тен санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 16 мамырда алынды.

– Жалпы онда балалардың қауіпсіздігі толық сақтала ма?

Балалар қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында аудандық полиция бөлімі қызметкерлері тәулік бойы кезекшілік жасайды. Балалардың денсаулығын қадағалау және сауықтыру жұмыстарын жүргізуге аудандық орталық ауруханадан жауапты бала дәрігері мен мейірбикелер бөлініп, тәулік бойы қызмет жасайды. Лагерьге жұмыс істейтін кадрлар мектеп қызметкерлерінен алынады. Тынығушыларға Оқушылар үйінің қолөнер, бейнелеу өнері, роботехника, волейбол ағылшын тілі сияқты басқа да үйірмелері жұмыс жасайды. Әрбір ауысымда аудандық мәдениет бөлімі тарапынан балалар кітапханасы жұмыс жасаса, спорт және шынықтыру бөлімі, жастар ресурстық орталығы тарапынан ұлттық ойындар, эстафеталық спорттық, танымдық шаралар ұйымдастырылады.

Мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерлерін ашуға келсек, 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектепте 2 ауысымда 2250 бала ыстық тамақпен, 450 тамақсыз мектеп жанындағы тынығу лагері ұйымдастырылады. Мектеп жанындағы және қосымша білім беру жанындағы лагерьлер түрлі бағытта жұмыс жасайды. Оған 3260 баланы қамту жоспарлануда.

«Еңбек» лагеріне 1500 бала қамтылады. Жалпы бұл шаралар шаруа қожалықтармен бірлесіп жүзеге асырылады. Мұнан бөлек «Кәсіптік бейімдеу» лагеріне 350, «Құқықтық кеңес» лагеріне 350, «Этноауыл» лагеріне 350, «Өнерлі мектеп» лагеріне 350, «Көркем еңбек» лагеріне 360 бала қамтылады.

Облыс көлемінде және облыстан тыс лагерьге де балаларды жібереміз. Мәселен, биылғы маусымда Алматы қаласындағы «Тау-Жаңашар» республикалық лагеріне 50 бала (жолдама құны – 170 мың теңге), Жаңақорған ауданы «Талдысу» облыстық лагеріне (жолдама құны – 35 мың теңге) демеушілер есебінен аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан 100 баланы, «Қазақстан қоры» демеушілігімен Шымкент қаласындағы республикалық «Қуаныш» лагеріне 50 баланы (жолдама құны – 180 мың теңге) алып бару жоспарлануда. Танымдық экскурсияларға 129 баланы қамту жоспарланды. Бір сөзбен айтқанда, 6 553 баланың жазғы демалыс шараларымен 90 пайызын қамту жоспарда бар.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда негізгі міндет бізде. Бұл жауапкершіліктен мен де, әріптестерім де қашпаймыз. Білімге қатысты бірінші жауапкершілік бізде болғаннан кейін оларға берілетін білім саласына да, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да басымдық береміз. Себебі бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда мұның барлығы маңызды рөл атқарады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Зерде

«Ақтерек» жаңа маусымға дайын

Мектеп оқушыларының жазғы демалысына аз ғана күн қалды. Енді балалардың үш ай уақыты атаналарының жауапкершілігінде болады. Бұрын біз жазғы демалысты тиімді пайдаланып, басқа өңірлердегі туған-туыстарға қыдырып кететін едік. Алайда бүгінде бұл үрдісті оқушылар қолдай бермейтін секілді. Иә, қазір бұрынғыдай баланы жайбарақат басқа қалаға жібере салуға ата-ана ынталы емес. Өйткені баласының қауіпсіздігіне алаңдайды.

Жасыратыны жоқ, бүгінде ата-аналар балаларын жазғы тынығу лагерлеріне жіберуге ниетті. Лагерьде балалар тек тынығып, сауық құрып қана қоймай, жаңа достар табады, жаңа ортамен тіл табысып, қарым-қатынас жасауды үйренеді. Сондықтан болар, тек ата-ана ғана емес, оқушылардың



өздері де лагерьде тыныққанды жөн санайды. Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимов «Ақтерек» сауықтыру

лагерінің жаңа маусымға дайындығымен танысты. Лагерьдің ас мәзірі, жатын орындар, ойын алаңдарының жай-күйі тексеріліп, қызмет сапасын

арттыру жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

«Ақтерек» лагерінде биылғы ауысым бойынша 452 баланың демалысы жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры, 50 бала кәсіподақ есебінен қамтылады. Ауысым ұзақтығы – 10 күн. Жаңа маусымға дайындық аясында лагерьге 5,6 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар санитарлық талаптарға сәйкес қосымша 4,9 млн теңгеге қажетті жабдықтар сатып алынды. Лагерь жұмысына мектеп мұғалімдері мен қосымша білім беру ұйымдарының қызметкерлері тартылып, үйірмелер мен мәдени-спорттық іс-шаралар ұйымдастырылатын болады.

«Ақтерек» сауықтыру лагерінің жаңа маусымға дайындығымен танысқан аудан әкімі жауапты сала басшыларына жазғы демалыс науқанын уақытылы ері сапалы ұйымдастыруды, балалардың қауіпсіздігі мен демалыс тиімділігін қамтамасыз етуді тапсырды.

Айта кетейік, «Ақтерек» лагері 1999 жылы асар әдісімен салынған. Содан бері 80 орындық лагерь жылда 6 ауысыммен жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда лагерьде 4 жатын ғимарат, 1 асхана, 1 медициналық бө-

лімше, 1 спорт алаңы және 1 бассейн бар. Мұнда оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Жалпы тынығу лагерлерінің өз тәртібі, ережесі бар. Тынығушылар мұндағы әр күнін сол тәртіпке сәйкес өткізеді.

Мұнда танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Сонымен бірге лагерьде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді. Сондай-ақ тынығушыларды белгіленген күні бойынша Дәуімбай елді мекеніндегі орталық бассейнге, балалардың тарихи танымын кеңейту мақсатында «Руханият» орталығына, Қорқыт ата мемориалдық кешеніне саяхаттау жоспарланған.

Бар жақсылық – балаларға. Балалардың бүгінгі нұрлы өмірі үшін, ертеңгі жарқын болашағы үшін жергілікті билік жан-жақты мүмкіндіктерді жасап келеді. Өйткені балалардың болашағы жарқын болса, мемлекеттің де келешегі кемелдене түседі.

Ж.МАХМҰТҰЛЫ

Сақтансаң, сақтайды



Қауіпсіздік қаперде болсын

Жаз мезгілінде суға шомылу маусымы басталады. Тұрғындар табиғат аясында демалып, су айдындарында шомылып, уақыт өткізгенді жөн көреді. Десе де азаматтар суға шомылу сәтінде қауіпсіздік ережелерін сақтамай, оқыс оқиғаға жиі тап болады. Жаңалықтарға құлақ түрсек, жыл сайын жүздеген адам суға кетіп жатыр. Статистикаға мән берсек, суға кету факторлары еліміздің оңтүстік өңірлерінде жиі тіркеледі екен. Сондықтан «сақтансаң, сақтайтынын» қаперден шығармауымыз керек.

Осы орайда аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен жазғы суға шомылу маусымына дайындық және қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету бойынша мәжіліс өтті. Мәжілісте суға түсу маусымында қайғылы жағдайлардың алдын алу, су айдындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету, түсіндірме және рейдтік жұмыстарды күшейту мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына рұқсат етілмеген су айдындарында рейдтер ұйымдастыру, оқушылар мен жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстарды күшейту жүктелді. Сонымен қатар аудан аумағынан жазғы демалысқа арналған жағажай ұйымдастыру туралы ұсыныстар талқыланып, қауіпсіз жағажай мәселесіне қатысты нақты тапсырмалар берілді.

Аудан әкімі әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалары үшін «Б.Құлтеңенов» атындағы жабық бассейнге тегін кіру мүмкіндігін ұйымдастыруды, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуді және дезинфекциялық жұмыстардың уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Ескерте! Жақсы жүзе білу – суда қауіпсіз демалудың маңызды кепілі, бірақ есіңізде болсын, тіпті жақсы жүзуші де үнемі суда жүру ережелерін қатаң сақтау керек. Жағадан алыс жүзбеңіз, ескерту белгілері бар жерде емес, арнайы белінген және жабдықталған орындарда шомылыңыз. Суға абайлап, баяу кіріңіз, су беліңізге жеткенде тоқтаңыз, суға тез сүңгіп шығыңыз. Ешқашан жалғыз жүзуге болмайды, әсіресе егер сіз өз қабілетіңізге сенімді болмасаңыз, жалған апат сигналдарын бермеңіз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Ерлігі ұрпаққа үлгі жауынгер

Ұлы Отан соғысы қаншама отбасына қасірет әкелді. Қаншама бала әкесіз қалды, қаншама ананы баласынан айырды. Жеңіс жолында боздақтар майдан даласында ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, Кеңес жерін жаудан азат етті. Солардың қатарында менің әкем Наурызбай Мысықбаев та бар.

Мен де майдангердің баласымын. 1942 жылы 21 маусымда Жалағаш кентінде дүниеге келдім. Әкем Наурызбай Мысықбаев 1910 жылы дүниеге келген. Анаммен 1938 жылы отау құрып, 1940 жылы ағам, араға екі жыл салып мен дүниеге келдім. Жалпы бізде бақытты балалық шақ болған жоқ. Әкеміз Отан қорғауға көткенде мен шешемнің ішіндегі 6 айлық бала екенмін. Наурызбай Мысықбаев оған дейін Жалағаш ауданындағы колхоздарға бірінші болып өгіз арбамен кино қойған екен. Шешем Шоқатай Теңізбаева 27 жасында жесір қалды. Бізді бағып-қағып, аяққа тұрғызды. Ол кездегі қиыншылықты айтудың өзі ауыр. Міне, осыдан-ақ бұл соғыстың тек қазақ әскерлеріне ғана емес, тұтас қазақ отбасына қандай қасірет болғанын түсінуге болады.

Анамыз бізді жеткіземіз деп қандай қиыншылық көрмеді дейсіз, РТС-те қарауыл да боды. Аудандық жұмыспен қамту бөлімінде еден жуушы болып та жұмыс жасады. Сондағы алатын айлығы небәрі 27 сом болатын. Соған қанағат етті, сонымен бізді асырады.

Мен шешемнің қасында жүріп, жастайымнан кесек құйдым. Анам лай шығарып береді, мен кесек қуямын, қыста есекпен қатынап қамыс орып сатамыз. Міне, бізде бақытты балалық шақ деген болған жоқ, керісінше бізді еңбек ерте есейтті. Осындай әкесіз қиыншылықта өстім. Әсіресе анама қолғабыс бола жүріп, оның қайнаған жұмыстың ортасында бейнетке қалып жатқанын көр-



генде іштей қатты қиналатынмын. Осындай ауыр бейнеттің барлығын еңсерген анамыз 1969 жылы небәрі 54 жасында дүниеден өтті. Ешқайсымыздың қызы-ғымызды көре алмады. Анамыздың ағалары Жақия мен Қияз Теңізбаевтар да соғыс жылдары Отан қорғауға аттанып, хабарсыз кетті. Сол тұста сұм соғыс кімге жеңіл болды дейсіз...

Анамыз бізді асырап, адал еңбекті дәріптеді. Әлі есімде, кара нанның кезегінде тұрамыз, ағайын-туыс жоқ, шешеміз бағып-қағып, оқытып, үлкен өмірге қадам бастырды.

Мен сол кезден бастап әкемді іздеумен болдым. 1964 жылы ескерге барғанымызда Ивановский қаласында болдым. Онда жүріп те әкемді іздедім, бірақ сан сауалдың жауабы болмады. 2010 жылы Қазақстан мен Ресей бірігіп, Ржевскі деген жерде қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш орнатқан. Соны

облыстық әскери комисариаттан білдім. Ржевскі қаласында әкем жерленген екен, ауылдан топырақ алып барып, ол жақтан топырақ әкеліп, әкеме ас беріп, көктас қойдым. Сол кезде «Әкемді 69 жылдан кейін таптым» деп газетке көлдей мақала жазғаным бар.

Мен Жалағаштың көркейту-көгәлдандыруына үлес қосқан осы елдің құрметті азаматымын, мамандығым – құрылысшы, Қазақстанның Құрметті құрылысшысымын және қаншама орден-медалдармен марапатталдым. Жалағаштың көпсалалы коммуналдық-шаруашылық мекемесінде 25 жыл қызмет атқардым. Коммунизм совхозында 15 жыл құрылыс салдым. Кенттегі біз салған құрылыстар, клуб, дүкендер, балабақша, жазғы клуб, парк, жол, оларға көше жарығын орнату жұмыстарында белсенді болдық. Сол кездегі «Колхозстрой» құрылыс мекемесінде 5

жыл жұмыс істеп, елдің алғысын алдық. Мұның барлығында әкемнен қанға сіңген қасиет пен аنامнан алған тәлімімнің өзіндік орны бар.

Әкеміз Отан қорғау жолында қаза таппаса, мұндай қиыншылық көрмейтін едік. Қазір менің өзім 83-ке көлдім. Ұлы Отан соғысында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен әкеммен мақтанамын. Осындай ержүрек азаматтардың есімін ұлықтап, өскелең ұрпаққа өнегелі өмір жолын насихаттауымыз керек. Осында жасқа келгенде іште жалғыз тілек бар, Ұлы Отан соғысында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен ардагердің саналы ғұмыры кеңінен насихатталып, аудандағы көшелердің біріне аты берілсе деймін. Алдағы уақытта ер еңбегі еленсе, біз де марқайып қалар едік.

Базарбай НАУРЫЗБАЕВ,
Майдангердің баласы

2025 жылғы 18 мамырда өткізілген Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімін сайлау қорытындысы туралы хабар

2025 жылғы 18 мамырда Жалағаш ауданы бойынша Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізілді. Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округі әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Бұқарбай батыр ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1051 азамат енгізілген, сайлау бюллетеньдерін 652 адам немесе 62,04 пайызы алды, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жоқ, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 4 сайлаушы дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетень саны – 9.

Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Әбсаттаров Жомарт Серікбайұлы үшін – 83 дауыс, Сәйділда Ермек Уайділдаұлы үшін – 494 дауыс, Тапаев Жайдар Дүйсенбекұлы үшін – 59 дауыс, «Барлығына қарсы» белгісімен – 7 дауыс берілді.

Сәйділда Ермек Уайділдаұлы – Жалағаш ауданының Бұқарбай батыр ауылдық округінің нәтижесінде сайланған әкімі болып есептелінді.

Сәйділда Ермек Уайділдаұлы – 1988 жылы туған, қазақ, «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Бұқарбай батыр ауылында тұрады, «Аманат» партиясының мүшесі, «Аманат» партиясының филиалы ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2025 жылғы 19 мамырдағы шешімімен 2025 жылғы 18 мамырда сайланған Бұқарбай батыр ауылдық округі әкіміне Сәйділда Ермек Уайділдаұлын тіркеді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы



Туған жерді түлету – негізгі міндетім

Ес білгелі саналы ғұмырымды туған жерді түлеуіне арнап келемін. Шүкір, осы жолда бірқатар жетістікке жеттім, халықтың алғысына бөлендім. Түсінгенім, туған жеріңді түлетуге күш-жігеріңді, қарым-қабілетіңді жұмсап, елдің алғысын алғаннан артық бақыт жоқ екен.

Аламесекте туып, осы ауылдың топырағында өскесін туған жерге еңбек ету де азаматтық міндетім деп білемін. Әкім болған жылдары, елдің мәселесіне бейжай қарамай, ауылдағы тұралаған мәселелердің шешіміне шама-шарқымша жұмыс жасадым. Одан жаман болғаным жоқ, халықтың алғысын алдым.

Соңғы бесжылдықта ауылда нәндей шаруалар жүзеге асты? Бұл сауалдың түйінін тарқатуға біраз жобаны мысалға

келтіруге болады. Әлбетте оның барлығы мемлекеттің қолдауымен жүзеге асты. Алдағы уақытта өз ісін бағытта айнабай еңбек етіп, елдің ертеңіне қызмет қылуды мақсат етіп отырмын. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма осы мақсатым себеп болып отыр.

Ауылды дамыту жолында қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Тәуелсіз Қазақстанның азаматы ретінде ауылмыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жолында халықтың мүддесін бәрінен жоғары қоямын.

Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру арқылы сіздердің қолдауларыңызбен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, мәдениетін дамытып, халық бірлігін нығайтамын. Сондықтан ауылдың озық өңірлердің үнімен көшбасшына тұруы үшін жерлес-терімді мені қолдауға шақырамын.

Ауыл тұрғындарымен қашанда бірге болып, сенімдеріңізді ақтау жолында аянбай еңбек ету үшін өз міндеттерімді алға қоямын. Халыққа қызмет көрсетуді өзімнің азаматтық борышым деп білемін.

Ауылдық округтегі сапасы сын көтермейтін ішкі жолдарды жөндеуге атсалысатын боламын. Елді мекендегі шеткі көше жолдарын жарықтандыру мәселесі шешімін табатын болады.

Ауыл тұрғындарын толығымен көгілдір газ отынымен қамтамасыз етуге ықпал етемін. Жергілікті халық көшкі уақытта демалатын демалыс орындар мен ойын алаңдарын салуға күш саламын.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарлармен шеңберінде оқытуға, несиелер және грант алуға жәрдемдесемін.

Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға жұмыс жасаймын. «Ақарық» каналына жаңғырту жұмыстарын жүргізуге ықпал етемін.

Ауыл тазалығы – халық айнасы. Ауылдық округті жасыл желекке айналдыру мақсатында абаттандыру жұмыстарын жүргізуге қарым-қабілетімді жұмсаймын. Бюджеттік-салық түсімдерін қамтамасыз ету, тұрғындарға салық төлеу мәдениетін қалыптастыру және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесуге күш саламын.

Жастарды қолдау бағыты да басты назарымда болады. Жастарды кәсіпке баулу мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде грант, төмен пайызбен несие алып, кәсібин бастауға ықпал етемін.

Ауылдары қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстауға, санитарлық-эпиде-

миологиялық жағдайды басты назарда ұстауға бар күшімді саламын.

Жалпы Аламесек маған таңсық елді мекен емес, сөзімнің басында да айттым, осында туып, осында өскесін ауылдың барлық мәселесі маған таңсық емес. Алдағы уақытта сол мәселелердің шешімін табуға жұмыс жасап, елдің алғысын алуға тырысамын. Мен үшін елдің мәселесі бәрінен жоғары. Сондықтан барлығын ескерусіз қалдырмай, халықтың мәселесіне жұмыс жасаймын. Туған жерді түлету – перзенттік парызым.

Даулеткерей ТАЖИБАЕВ,
Аламесек ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



Ауылдың болашағы бәрінен маңызды

Қазір жергілікті жұрт әкімді өзі сайлай алады. Ел Президентінің бұған қатысты шешімін қос қолдап қолдаймын. Өйткені бұл – халыққа ғана емес, ауылдардың дамуына да жол ашатын ұтымды бастама. Жалағаш ауданында да бұл жүйе нәтижесін беруде. Биылдың өзінде бірнеше ауыл әкімі сайланып, жұмысын бастап көтті.

Ендігі кезек Аламесек ауылдық округінде, жуырда Есет батыр ауылында ауылдық округ әкімін сайлау өтеді. Бұл саяси науқанға жергілікті жұрт бейжай қарамайды деп сенемін. Осылай сенім артқасын алдағы сайлауға үміткер болып отырмын.

Жалпы әкім болуды тек кабинетте отырып деп түйсек, мұнымыз қате түсінік болады. Азаннан көшке дейін бар уақытыңды жұмыс бөлмесінде өткізіп, ешқандай мәселе шеше алмайсың.

Сондықтан елмен етене жақын араласып, елді мекеннің барлық жерін аралап, мәселелерге қанығып, соның шешіміне жұмыс жасау керек. Сонда ғана халықтың сенімі ақталды.

Тұтас бір ауыл халқының сенімін арқалау оңай шаруа емес, сондықтан бұл сайлауға үміткер боларда көп ойландым. Жалпы Есет батыр ауылының бүгінгі тынысы қандай, ауылда қандай мәселелер бар, оның шешімі бар ма? Осы сауалдардың түйінін тарқату үшін көп іздендім. Алдағы сайлауда ауыл халқы маған дауыс берсе, батыр атындағы ауылды түлетіп, бірқатар мәселенің түйінін тарқатуға жұмыс жасаймын.

Ауылды дамыту жолында қызмет ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Мұны көшегі сайлауалды бағдарламамда да айтқаным. Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын негізге алып, Аламесекте бірқатар жобаны жүзеге асыру керек. Мемлекеттік қолдаулары тиімді пайдаланып, ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын жақсартуға күш-жігерімді жұмсаймын. Ауыл тұрғындарымен бірлесе отырып жалғай кешендерін ашуға және тұрғындардың пайдалануына өз көмегімді тігіземін. Жергілікті тұрғындардың ұсыныс-пікірін тыңдап, ауылды дамытуды жоспарлы түрде жүргіземін.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында жаңа жұмыс орындарын ашу үшін кәсіпкерлік сапасының дамуына жағдай жасаймын. Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосуға тырысамын. Тұрғын үй мәселесін шешуде қажетті шаралар қабылдап, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселелерін назарда ұстап, шешу жолдарын жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында білім деңгейін көтеру, денсаулық сақтау саласын жақсарту, мәдениет пен спортты дамыту бойынша үнемі шаралар өткізіп, қажетті жұмыстар жүргіземін. Аламесек ауданының құрылғанына 100 жыл толуына орай тағылымды шаралар ұйымдастырамын.

Ауылда егін шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі түрде нақты жұмыстар жүргіземін. Жердің құнарын арттыруға бағытталған жұмыстар, аяқсумен қамтамасыз ету үшін канал арықтарды тазартып қаздыру, гидро-техникалық нысандарды жөндеуден өткізу жұмыстарын үйлестіремін. Мал шаруашылығымен айналысамын дегендерге де бар мүмкіндікті жасаймын.

Жобалау-сметалық құжаттамалары дайын көшелерді күрделі жөндеуден өткізуге, сондай-ақ жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет ететін көшелерге

ЖСҚ әзірлеу және жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысамын. Алтын-қорған көшесіне түнгі жарықтандыру жұмыстарын жүргізуге және жарықтандыру жұмыстарын жүзеге асыру негізгі міндетім деп білемін. Мен үшін халықтың талап-тілегі бірінші орында.

Сайлауға да санаулы күндер қалды. Мен көтерген мәселелерді бір уақытта шешу де мүмкін емес. Бірақ ешқайсысын күн тәртібінен түсірмей, кезек-кезеңімен жүзеге асыру негізгі міндетім деп білемін. Мен үшін халықтың талап-тілегі бірінші орында.

Аламжжан АСТАНАКУЛОВ,
Аламесек ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді



Басты мақсат – ауылдың екінші тынысын ашу

Елдің дамуында ауылдық елді мекендер маңызды рөл атқарады. Сондықтан ауылдың дамуына, онда жұмыс көздерін ашуға мемлекет барлық жағдайды жасап отыр. Тек сол мүмкіндіктің барлығын тиімді пайдаланып, елді мекендердің екінші тынысын ашу керек.

Аламесек те – аудандағы тарихы өріден басталатын іргелі ауылдық округтердің бірі. Жалпы Есет батыр ауылы егін және мал шаруашылығын дамытуға қолайлы. Өйткені бұл ауылда егіндік және жайылымдық жерден тапшылық жоқ. Бірақ ауылдың екінші тынысын ашу үшін бірқатар түйткілді мәселенің түйінін тарқату керек. Алдағы саяси науқанға үміткер болудағы басты мақсатым – сол мәселелердің түйінін тарқату.

Ауылда бірінші кезекте халықтың әлеуетін арттыруда мемлекеттік саясаты негізге ала отырып, жергілікті тұрғын-

дардың сапалы өмір сүруіне жағдай жасау керек. Ол үшін елді мекенде бірінші кезекте кәсіпкерлік саласының дамуына басымдық берген дұрыс. Өйткені бұл салаға серпін беру арқылы бірнеше мәселенің шешімін табуға жол ашамыз. Мәселен, кәсіпкерлік дамыса, ауылда жұмыс көзі ашылады. Яғни жұмыссыздық мәселесіне тұсау саламыз. Ал жұмыссыздық мәселесі шешімін тапса, елдің әлеуеті артады. Бір жағынан жергілікті түсімде өсім қалыптасады.

Жергілікті халықтың кейбірінде кәсіп ашуға және оны әрі қарай жүргізуге қаражат болмауы мүмкін. Қазір салаға серпін беруге негізделген түрлі бағдарламалар бар. Соларды пайдалана отырып, жергілікті жұрттың кәсіппен айналысуына жол ашуға болады. Алдағы саяси науқанда әкім болсам, бірінші кезекте осы мәселенің түйінін тарқатамын. Ауылда тұратын

әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың, көпбалалы аналардың мәселесін шешуде обда жүрген тың идеяларымыз жүзеге асырамын.

Есет батыр ауылында білім, денсаулық сақтау сынды салалардың алға басуына жағдай жасап, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуын да назардан тыс қалдырмаймын. Ауылдағы мектеп күрделі жөндеуден өтті. Енді білім сапасына басымдық беру арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға жол ашуға міндеттіміз. Бірнеше жылдан бері шешімін таппай келе жатқан ауылдық емхана ғимараты мәселесінің де түйіні тарқатылды. Жаңадан заманауи медициналық құрал-жабдықтармен жарақталған жаңа нысан бүгінде халыққа сапалы қызмет етуде. Осы бағыттағы жұмыстардың алдағы уақытта да жүзеге асуына күш саламын.

Ауылда учаскелік полиция қызметкері мен ардагерлермен бірлесе отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуын жүзеге асырамын. Елді мекенде жүргізіліп жатқан саяси, мәдени, әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттауды күн тәртібінен жүргіземін, ауыл халқымен бірлесіп, өзекті мәселелердің шешімін табуына бар қарым-қабілетімді жұмсаймын.

Ауылда электр жарығы, ауысуға, аяқсуға халықтың қолжетімділігін мейлінше қамтамасыз ете отырып, тұрғындардың барынша сапалы өмір сүруіне жағдай жасауды негізгі міндетім деп білемін. Тұрғындар артқан сенім үдесінен шығу – негізгі мақсатым. Сондықтан ауылда басқа да мәселелердің шешімін табуға күш саламын. Бұл ретте жергілікті шаруашылықтарды жұмылдыра отырып, бірқатар жобаны жүзеге асырамын.

Соңғы жылдары ауылда ішкі көшелердің мәселесіне мән берілуде. Бір

жылда Есет батырда 5 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бірақ бұл ішкі көшелер мәселесінің түбегейлі шешімін тапқанын білдірмейді. Өйткені ауылда өлі де жөндеуді қажет ететін ішкі көшелер жетерлік. Алдағы уақытта сол көшелердің сапасына жіті мән беріп, елдің талап-тілегіне құлақ асамын.

Жалпы саяси науқанға санаулы күндер қалды. Бұл жай науқан емес, өйткені күн бүл сайлауда елдің басым дауысына ие болса, елді мекеннің алдағы 4 жылдық болашағы соның қарым-қабілетіне тікелей байланысты. Сондықтан алдағы сайлауда жергілікті жұрт дұрыс таңдау жасайды деп білемін.

Абай КӨШЕРОВ,
Аламесек ауылдық округі
әкіміне үміткер

Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді

Турнир

Жас палуандар топ жарған жарыс

Жалағаш жері салауатты өмір салтын ұстанып, сол салада қажырлы еңбек етіп, ел спортына серпін берген тұлғаларға кенде емес. Солардың қатарында КСРО спорт шебері, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы Болат Тасмаханұлының орны бөлек. Саналы ғұмырын ұлттық спортты дамытуға сарп еткен атпал азаматтың өнегелі өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі болары анық. Сондықтан біз ел дамуына еңбек еткен осындай азаматтардың тағылымға толы ғұмыр жолын кейінгі ұрпаққа дәріптеуге міндеттіміз.



Жалпы өткенін ұлықтап, өшкенін қайта жаңғыртуда жалағаштықтар жолынан жаңылған емес. Жуырда білікті бапкер Болат Тасмаханұлының есімін жерлестері ұлықтап, тағылымды турнир өткізді. КСРО спорт шебері, республикаға еңбегі сіңген жаттықтырушы, Болат Тасмаханұлын

еске алуға арналған қазақ күресінен 2013-2014 жылы туған кіші жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир жоғары деңгейде өтті. Турнирдің ашылу салтанатында аудандық мәслихаттың төрағасы, халық қалаулысы Өмірзақ Елеусінов атпал азаматтың өмір жолына тоқталды, оның тек

ауданның, аймақтың ғана емес, ел спортына серпін бергенін тілге тиек етіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

— Бүгінде аудан спорты алға басып, салада серпін қалыптасты. Бұл сөзімізге соңғы жылдары жастардың түрлі додаларда топ жаруы дәлел. Мұның бәрі бір күннің немесе бір жылдың жемісі емес. Үлкен жетістікте спорт саласында бұрын да қажырлы еңбек еткен атпал азаматтардың қолтанбасы бар. Болат Тасмаханұлы да осындай жандардың бірі еді. «Ол саналы ғұмырын тұтастай спорт саласына арнады» десек, артық айтқанымыз болмас. Әсіресе қазақ күресін дамытуда, жергілікті жерден аталған спорт түрінен чемпиондар шығаруда білікті бапкердің өзіндік орны бар және оны ешкім жоққа шығара алмайды. Міне, сондықтан бүгінгі шараның үлкен мәні бар. Біз Болаттай азаматтарымыздың еңбегін, өнегелі өмір жолын өскелең ұрпаққа өсиет етіп, осындай тағылымды шаралар ұйымдастыруымыз керек. Барлық қатысушыға тек сәттілік тілеймін. Осындай білікті бапкерлер бүгінгі жастардан қалыптасады, сондықтан спорт саласындағы ізденістеріңізге, жарыс жолдарыңызда тек жеңіс тілеймін, — деді Өмірзақ Елеусінов.

Мұнан кейін спорт саласының ардагері Сұлтан Бекжанов, шәкірттері атынан Батыржан Шейгезов ардагерді ел спортының дамуына қосқан үлесі жайлы өнегелі естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ ардагердің ағасы Базырбай Ержанов саналы ғұмы-



рын спортқа арнаған, бірнеше мемлекеттік марапаттың иесі Болат Ержановтың елжандылығын, саланың дамуына қосқан үлесін тілге тиек етіп, тағылымға толы ғұмырын жастарға өсиет етті.

Айта кетейік, Ержанов Болат Тасмаханұлы 1958 жылы Жалағаш кентінде дүниеге келген. 1965 жылы кенттегі 202 мектеп табалдырығын аттап, оқушы кезінен ауданда балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне барып, жаттықтырушы К.Кебеетовтен тәжірибе жинады. 1975 жылы мектепті тәмамдаған Болат ағамыз 1976-1978 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеді. 1978 жылдан бастап Спорт мектебіне жаттықтырушы болып қабылданған ол 1981-1986 жылдары аралығында Алматы және мәдениет институтының сырттай бөлімін бітірді. Аз уақытта спорт саласының дамуына мол үлес қосқан сала санлағы қазақ күресінен аудан балаларын облысқа, қалаберді республикалық жарыстарға шығарып,

мықты спортшылар қалыптастырды.

Ол 1987-1991 жылдары аралығында облыстың жаттықтырушысы болды. Осы уақытта облыстың жас палуандарын Алматы, Семей, Қарағанды, Жамбыл, Жезқазған, Ақтөбе, Орал, Шымкент қалаларына жарысқа шығарып, олардың жеңіс жолын қалыптастырды. Садық Мұстафаев, Айтбек Сүндетбаев, Данабек Баймаханов, Өмір Теженов, Мирабек Оразбаев, Марат Рахметов, Б.Баев, Болат Ноғазов, Батыржан Шайғезов сынды талай додада топ жарған шәкірттері әлі де спорт саласында қажырлы еңбек етіп келеді.

Республикалық жарыстардан талай рет өзі де, шәкірттері де топ жарған бапкердің еңбегі еленіп, бірнеше рет марапат төрінен көрінді. Ол еңбек жолында ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, облыстық білім және спорт басқармаларының «Құрмет» грамоталарымен, дипломдарымен марапатталған. «Лениншіл жас» газетінің жүлдесі үшін күресіп, жеңіс

туғырынан көрінді. Білім және спорт саласынан 40-қа жуық грамота, дипломдармен марапатталды.

Жалпы аудан көлемінде белгілі спортшыларды тәрбиелеуде бапкердің еңбегі зор. Қазақша күрестен Қызылорда облысын республикаға танытқан таңдаулы спортшылардың бірі болды. Білікті бапкер, даңқты спортшы небәрі 33 жасында айқыпас дертке шалдығып, 47 жасында дүниеден өтті. Отбасында үш бала тәрбиелен өсірді.

Облыстық турнирге Қызылорда қаласы мен аудандардан 200-ге жуық спортшы қатысып, жүлделерді сарапқа салды. Жалпы қатысушылардың бұл додаға тыңғылықты дайындықпен келгенін аңғару қиын емес. Қазақ күресін еркін меңгерген жас палуандар турнирдің көркін қыздырды. Сайыс соңында жеңімпаздар арнайы дипломдармен, медалдармен марапатталды. Сондай-ақ жүлдегер 3 командаға кубок табысталды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Реформа

Легионерлер легі тоқтады

Былтыр Олимпиадада ұлттық құрама оң нәтиже көрсетпеді. Содан болар, жанкүйерлердің салада атқарылып жатқан жұмыстарға көңілі толмайтынын ашық жеткізді. Әсіресе шетелден келген спортшылардың өнеріне күмәнмен қарады. Яғни олар мемлекет тарапынан жасалған жағдайдың қайтарымы ретінде елге жеңіс сыйлай алмады. Қысқаша айтқанда, бұл сәтсіздіктен кейін салаға реформа керек екені айқын байқалды.

Енді шетелдік легионерлерге бюджет ақшасы төленбейді. «Самұрық-Қазына» секілді квазимемлекеттік субъектілер де оларды қаржыландыра алмайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дене шынықтыру және спорт саласын дамыту саясатын жетілдіруге бағытталған заңға қол қойды. Бұдан былай бюджет қаражаты тек төрт бағытқа, яғни жоғары жетістіктер спортына, мемлекеттік дене шынықтыру спорт ұйымдарының қызметіне, бұқаралық спортқа және спорттық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалынады.

Сондай-ақ спорт федерациялары аккредиттеуге қатысты ережелер де жетілдірілді. Енді олар ұлттық және жергілікті болып бөлінеді. Заңға «спорттық даярлықтың ұлттық стандарттары» ұғымы енгізіледі. Оған

сөйкес, спортшылардың бойына дәстүрлі құндылықтарды сіңіруді көздейтін бірыңғай даярлау стандарты әзірленбек.

Уәкілетті орган басым спорт түрлерінің республикалық және өңірлік тізбесін әзірлейді, жоғары жетістіктер спорт түрлерінің тізімін және оларды бюджет есебінен қаржыландыру тәртібін айқындайды. Басым спорт түрлері халықаралық аренада қол жеткізген нәтижелерге қарай бекітіледі. Бұл — Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия, Паразия ойындарының бағдарламасына енген спорт түрлері, сондай-ақ ұлттық спорт түрлері. Уәкілетті органға олинке қарсы ережелерді бұзғаны үшін шара қабылдау өкілеттілігі беріледі.

Елімізде бір спорт түрінен бірнеше федерация бар еді. Салдарынан жүіе

жоқ, нәтиже де аз. Салада тағы бір маңызды норма — федерациялардың аккредитация алу тегігі өзгертілді. Бұрын уәкілетті министрлік 180-нен астам спорт түрін тіркеп, оның барлығына қаржы беріп келсе, енді олардың саны 3 есеге қысқарады. Ең бастысы, ұлттық спорт түрлері басым спорт түрлерінің қатарына қосылды.

Бұдан бөлек «мемлекеттік дене шынықтыру — спорт ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау» ұғымы енгізілді. Енді лауазымды қызметке ұзақ жылдар бойы көнедей жабысқандар ығысады. І топтағы мүгедектігі бар спортшыны алып жүруге бір көмекші бекітіліп, оның сапар барысындағы барлық шығыны өтеледі болды. Заң жобасында жүздеген ірілі-ұсақты өзгеріс бар.

Иә, спортсүйер қауымның сүйіп көретіні — футбол Алайда жанкүйерлер қазақ баласының доп тепкеніне разы емес. Өйткені нәтиже жоқ. Клубтарда бірыңғай өзге елдің легионерлері доп тебеді. Олар қыруар қаржыны қалтаға басқанымен, жанкүйерлерге жеңістің дәмін сездірген емес. Бұдан былай футбол клубтарында ойнайтын легионерлерге мемлекет тарапынан жалақы беру тоқтатылды.

Былтыр футболдан премьер-лигада 14 клуб ойнады. Оның ішінде 325 футболшының арасында 149 легионер болған, яғни төң жартысы. Легионерлерге мемлекеттің де, квазимемлекеттік сектордың бюджеті есебінен де қаржы бөлуге тыйым салатын норма қабылданды. Енді легионерлерге жалақы демеушілердің есебінен төленеді. Құрамында бірде-бір шетел спортшысы жоқ «Қайсар» футбол клубының басшылығы да бұл бастаманы қолдайды. Дегенмен мәселе де жоқ емес.

— Біреулер Еуропа лигасы, конференц лига сияқты өнер көрсеткісі келеді. Ол жақта легионерсіз қиын болады. Қай жерде барсаңыз да легионер бар. Елімізде академия бір



аана «Қайратта» аана бар. Астанада академия жоқ. Бәрімізде орталық бар. Бірақ ол академия сияқты баланы дайындамайды, — дейді «Қайсар» ФК спорттық директоры Мақсат Байжанов.

Осы орайда облыстық спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев қызылордалық БАҚ өкілдерімен және «Қайсар» футбол клубының жанауыр жанкүйерлерімен арнайы кездесу өткізді. Жиында футбол клубтың өзекті мәселелері мен атқарылған ауқымды жұмыстары кеңінен талқыланды.

Басқарма басшысы өз сөзінде «Қайсар» командасының нәтижесін көтерудегі нақты мақсаттары мен алдағы жоспарларын айқындап беріп, «Қайсардың» болашағына сенім білдірді. Сала басшысы қазақ жанкүйерлерінің көптен күткен арманының орындалғанын атап өтіп, команданы қолдау баршамыздың ортақ борышымыз екенін баса айтты. Тек сенім мен қолдау керек.

Айта кетейік, футболдан Қазақстан Премьер-лигасының 9-турында Қызылорданың «Қайсары» Түркістанның «Тұран» клубын 1:0 есебімен

тізе бүктірді. Бірінші таймда қауіпті шабуылдар аз болды, есеп те ашылмады. Үзілістен кейін «Қайсар» ойынды өз қолына алғандай болды. Сөйтіп 78-минутта төреші «Тұран» қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Айбар Жақсылықов мүлт кетпей, «Қайсарға» билығы мауысымда алғашқы жеңіс сыйлады.

Құрамында тек ел санлақтары ғана өнер көрсететін қызылордалық команда 7 ұлапмен турнир кестесінде 10-орынға көтерілді.

Жандос ЖАЗКЕН



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс №820

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Жандос ЖАЗКЕН